



Әлеуметтану ғылым ретінде. Әлеуметтану және медицина



**Лектор:
Абикенова
Алма Магауияновна
ф.ғ.к., доцент**

A stylized silhouette of a mountain range is located at the bottom right of the slide. The mountains are rendered in a dark teal color, matching the background, and have a jagged, layered appearance.

Дәріс жоспары:

1. Әлеуметтік ғылымының қалыптасуы, пәні мен объектісі
 2. Әлеуметтану ғылымының құрылымы және әдістері
 3. Әлеуметтану ғылымының білім жүйесіндегі алатын орны
 4. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары
 5. Әлеуметтану және медицина
- 

«Әлеуметтану» ұғымы латын тілінің «Societas» (қоғам) және гректің logos (ілім) сөздерден шығады. Социология, яғни әлеуметтану қоғамның пайда болуының, ондағы әлеуметтік байланыс, қатынастардың, алуан түрлі әлеуметтік адам бірліктерінің, ұйым, мекемелердің, институттардың, құбылыстардың, процестердің дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейтін ҒЫЛЫМ

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫТАСУЫ

Әлеуметтану ұғымын XIX ғасырдың ортасында атақты француз философ Огюст Конт (1798-1857) енгізді. Огюст Конт социологияны позитивті философия деп атайды



ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫТАСУЫ

Классикалық көзқарас бойынша әлеуметтік ғылым XIX ғ. 40 ж. Францияда қалыптасты. Әлеуметтану ғылымының негізін қалаушы Огюст Конт болып табылады. Ол «социология» деген терминді енгізді. Әлеуметтану ғылымының қалыптасу себептері:

- ◆ 1. Капитализмнің дамуы.
- ◆ 2. Мемлекеттің дамуы.
- ◆ 3. Жаратылыс ғылымдардың дамуы және әлеуметтік ғылымның дағдарысы.

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПӘНІ МЕН ОБЪЕКТІСІ

- ◆ Әрбір ғалымның объектісі бар. Объект – ол белгілі бір іс-әрекеттің, сезімнің, ойлаудың құбылыстарға, процестерге бағытталуы, зерттеушіні оларға қызығушылығы.
- ◆ **Әлеуметтану ғылымның жалпы объектісі** - органикадаң тыс дүние = әлеуметтік шындық, болмыс = әлеуметтік дүние = социум = **ҚОҒАМ** = әлеуметтік мәдени дүние болып табылады.



ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПӘНІ МЕН ОБЪЕКТІСІ

- ◆ Әлеуметтану ғылым объектісінің мәні екіжақты. Біріншіден, әлеуметтік дүние, өмір материалды. Біз оны күнделікті сеземіз. Мысалы әдеттердің, дәстүрлердің мәжбүрлі күшін, ықпалын көреміз. Екіншіден, әлеуметтік дүние, өмір идеалды түрде жүзеге асырылады. Өйткені адамдар бір бірімен саналық түрде әрекеттеседі. Өздеріне сәйкес келетін мақсаттар, дәлелдер, тілектер бойынша.
- ◆ Қоғам негізінде тарихи жағдай арқылы қалыптасқан әртүрлі құбылыстардың, процесстердің әлеуметтік ұйымдастыруы, олардың әлеуметтік шарттылығы. Осы әлеуметтік ұйымдастыру тәптіп бірлескен адамдардың тіршілік әрекеті, әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан осы бірлескен адамдардың тіршілік әрекеті, әрекеттесуі социологияда өте маңызды мәселе болып табылады. Бұл әлеуметтанудың алғашқы мәселесі деп атауға болады.
- ◆ Сонымен, әлеуметтану ғылымның басты ұғымы - **«әлеуметтік»** деген ұғым.
- ◆ Әлеуметтану ғылымның объектісі әртүрлі әлеуметтік ғылымдармен жалпы болса, пәні жалғыз болады. Әрбір ғылым ерекше әдістер, заңдар, ұғымдар арқылы объектінің бір жағын көрсетеді.
- ◆ **Әлеуметтану ғылымының пәні** – қоғам генезисін және оның құрылымын, заңдарын, даму процесін зерттеу

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПӘНІ

Субъективтік бағыт:
әлеуметтік іс-әрекет
(Макс Вебер)

**Объективтік
бағыт:**
әлеуметтік
фактілер
(Эмиль Дюркгейм)

**Интегративтік
бағыт:**
әлеуметтік
байланыс
(Питирим Сорокин
Пьер Бурдьё)

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПӘНІ





Әлеуметтану ғылымының құрылымы

Әлеуметтану ғылым жүйе ретінде болып
табылады

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Объект дәрежесіне қарағанда әлеуметтану ғылым үш түрге бөлінеді:

- ◆ 1. Макро деңгейлі әлеуметтану – ол қоғам дамуының жалпы заңдарын қарастырады.
- ◆ 2. Орта деңгейлі әлеуметтану немесе салалық әлеуметтану – ол қоғамның бөлек салаларын қарайды. Мысалы: мәдениет әлеуметтануы т.б.
- ◆ 3. Микро деңгейлі әлеуметтану адамдардың пікірлерін және адамдардың арасындағы қатынастарды зерттейді. Мысалы: анкетирование.

ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Алған білім дәрежесіне қарағанда әлеуметтану екіге бөлінеді

- ◆ 1. Теориялық ғылым – ол фактілік материалды қорытады. Жалпы заңдылықтарды ашады.
- ◆ 2. Эмпирикалық ғылым – ол фактілерді жинайды.

Мақсат дәрежесіне қарағанда әлеуметтану екіге бөлінеді

- ◆ 1. Фундаменталдық ғылым - ол теория мен әдістемені дамытады.
- ◆ 2. Қолданбалы ғылым – ол практикалық сұрақтарды шешеді.



Ғылыми таным ол да жүйе сияқты болып қарастырылады. Екінші Суретте ғылым жүйе ретінде көрсетілген.

Философия – бүкіл ғылымның әдістемесі болып табылады. Философия табиғаттың, қоғамның және ойлаудың жалпы заңдарын зерттейді.

Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар жүйе анализ бойынша келесі бөліктерге бөлінеді:

Гуманитарлық ғылымдар (homo латынша – адам). Адамның мәнін, дамуын т.б. зерттейді.

Әлеуметтік ғылымдар (социум – қоғам). Әлеуметтік ғылымдар қоғамды немесе оның жеке салаларын зерттейді

Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар сонымен қатар екі түрге бөлінеді:

Индивидуализациялық (жекелеу) ғылымдар - әлеуметтік заттардың, құбылыстардың, процестердің ерекше өзгешелік оралымсыз (қайтымсыз) жағын зерттейді Мысалы: қытай философиясы, Қазақстан тарихы.

Генерализациялық (жалпылау) ғылымдар - әлеуметтік заттардың құбылыстардың, процестердің жалпылау жағын көрсетеді.

Әлеуметтану ҒЫЛЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ



Гносеологикалық (теоретико- танымды) қызмет



Информациялық қызмет



Басқару қызмет



Ұйымдастыру қызмет



Прогностикалық қызмет

Қолданбалы қызмет



Әлеуметтану ғылымның әдістері



Жалпы ғылыми әдістер:

- ◆ Анализ
- ◆ Синтез
- ◆ Индукция
- ◆ Дедукция
- ◆ Жүйулік талдау

Әлеуметтану ғылымның әдістері

- ◆ Әлеуметтану ғылымының әдістері:
- ◆ Әдіс – ол зерттеудің жолы. Әлеуметтану ғылым бірнеше әдістермен пайдаланады:
- ◆ бөлек ғылымдардың әдістері.
- ◆ әлеуметтану ғылымның әдістері. Олар екіге бөлінеді:
 - **сандық әдістер** – статистикалық заңдылықтарды зерттейді, құбылыстардың сандық өлшемін көрсетеді. Оларға анкетирование, стандарттық интервью, құжаттардың контент-анализі, стандарттық бақылау жатады.
 - **сапалық әдістер** – құбылыстардың негізін зерттейді. Оларға биографиялық әдіс, стандарттық емес интервью, құжаттардың сапалық анализі, стандарттық емес бақылау жатады.

Әлеуметтану ғылымның негізгі бағыттары

